

## 7 мамыр Отан қорғаушылар күні

7 мамыр сағ 10:00 де интернат тәрбиеленушілермен Қазақстан телеарнасынан солдаттар шеруін тамашаладық.



Біздің отандастарымыз үшін бұл мереке батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Келешек ұрпағымызға дейін Отан қорғаушылардың қаһарман ерліктерін ұмытылмайды. Қай дәуірде болмасын, Отан қорғау әр Қазақтан азаматының қасиетті борышы болып келеді.

**Кабдулдина Дамели:** Сіздерді 7 мамыр –Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз.

**Тәрбиеші:** Сапаржанова А.О